

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

Қоғам & Дәуір ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова Ислам факторының Қазақстан мен Орталық Азиядағы қоғамдық-саяси жүйенің трансформациялық үдерістеріне ықпалы.	6
Толғанай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев Бітімгершілікті жүзеге асырудың негізгі қағидалары	21
Айгуль Забиров, Наталья Сейтахметова Постатеизм: әлеуметтанулық талдау	38
Еркебұлан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов Ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуы: басқару жүйесін жетілдіру	53
Еркін Тұқымов Жаһандық демографиялық сын-қатерлер: Қазақстан үшін тәжірибесі	64
Гүлмира Сұлтанғазы, Жаслан Нурбаев, Гүлжан Ерменбаева Қазақстандық ұлт құрылысы контекстіндегі тарих және тарихтану	80
Мирас Жиенбаев Қазақстандағы ұлттық құрылыс саясаты: азаматтық немесе этноәлеуметтік сәйкестік пе?	93
Рафик Усманов, Майя Урузғалиева, Разия Асылғожина, Венера Жексембекова Солтүстік Каспийдің геоэкологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қазіргі саяси процестері мен тетіктері	104
Айнұр Әбиденқызы, Құрмет Қадылғазыұлы, Айгерим Ердашова Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы: әлемдік жетекшілікті қалыптастырудағы порттардың рөліне жүгіну	117
Бауыржан Әукен «Оңтүстік Кавказ аймағындағы қақтығыс және ынтымақтастық: теориядан саясатқа» кітабына шолу	131

СОДЕРЖАНИЕ

Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова Влияние исламского фактора на трансформационные процессы общественно-политической системы в Казахстане и Центральной Азии	6
Толғанай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев Основные принципы осуществления посредничества	21
Айгуль Забиров, Наталья Сейтахметова Постатеизм: социологический анализ	38
Еркебұлан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов Устойчивое развитие сельских поселений: совершенствование системы управления	53
Еркін Тукумов Глобальные демографические вызовы: опыт для Казахстана	64

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

**Гулмира Султангазы, Жаслан Нурбаев,
Гульжан Ерменбаева**
История и историзация в контексте
казахстанского национализма 80

Мирас Жиенбаев
Политика национального строительства в Казахстане:
гражданское и этносоциальное единство? 93

**Рафик Усманов, Майя Урузгалиева,
Рафия Асылгожина, Венера Жексембекова**
Современные политические процессы и
механизмы обеспечения геоэкологической
безопасности Северного Прикаспия 104

**Айнұр Әбиденқызы, Құрмет Қадылғазыұлы,
Айгерим Ердашова**
Китайская стратегия «Один пояс, один путь»:
роль портов в установлении глобального лидерства 117

Бауыржан Аукең
Рецензия на книгу: Конфликт и сотрудничество в регионе
Южного Кавказа: От теории к политике 131

CONTENTS

Madina Bektenova, Sholpan Zhandossova
Influence of the Islamic Factor on Transformation
Processes of the Socio-Political System in
Kazakhstan and Central Asia 6

**Tolganai Mustafina, Farida Mussatayeva,
Symbat Shakirov, Asan Amangeldiyev**
The Fundamental Principles of Mediation 21

Aigul Zabirowa, Natalya Seitakhmetova
After Atheism: a Sociological Examination 38

Yerkebulan Zhumashov, Nurbek Pusyrmanov
Sustainable Development of Rural Settlements:
Improving the Local Government 53

Yerkin Tukumov
Global Demographic Challenges:
Experience for Kazakhstan 64

**Gulmira Sultangazy, Zhaslan Nurbayev,
Gulzhan Yermenbayeva**
History and Historicization in the Context of
Kazakh Nation-Building. 80

Miras Zhiyenbaev
The National Building Policy in Kazakhstan:
Civic or Ethnosocial Identity? 93

**Rafik Usmanov, Maiya Uruzgaliyeva,
Raziya Asylgozhina, Venera Zheksembekova**
Modern Political Processes and Mechanisms
for Ensuring Geo-ecological Security
the Northern Caspian Region 104

**Ainur Abidenkyzy, Kurmet Kadylgazyuly,
Aigerim Yerdashova**
Chinese Strategy «One Belt, One Road»:
the Role of Ports in Establishing Global Leadership 117

Bauyrzhan Auken
Review of the book: Conflict and Cooperation
in the South Caucasus Region 131

Еркебулан Жұмашов¹, Нұрбек Пұсырманов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің докторанты
(Астана, Қазақстан)

e-mail: erkebulanzhumashov@gmail.com

²ҚР ҒЖБМ ҒК «Мемлекет тарихы институтының»

директоры, PhD

(Астана, Қазақстан)

e-mail: nurbekpr89@gmail.com

АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ: БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа. Тәуелсіз Қазақстан үшін әлеуметтік-экономикалық саладағы проблемалардың бірі әртүрлі себептерге байланысты ауылдық елді мекендерден тұрғындардың көшуінің салдарынан олардың депопуляциясы болып отыр. Ауылдық елді мекендердің даму әлеуетін күшейту үшін мемлекет түрлі мақсатты бағдарламалар мен жобалар қабылдады. Дегенмен елді мекендер санындағы динамиканы талдау нәтижесі ауылдар санының қысқару трендінің жалғасып отырғандығын көрсетеді. Мақалада ауылдардың даму әлеуетін көтеру үшін басқару жүйесін жетілдіру, оның ішінде әкімдіктің болуының маңызы талқыланды. Қазіргі және ретроспективті статистикалық материалдар мен құжаттарды талдау арқылы ауыл әкімі мен оның аппаратының орналасуының елді мекеннің әлеуетіне ықпалы зерделенді. Зерттеу нәтижесінде әкімдіктің орналасуының ауылдың дамуына позитивті ықпалы анықталды. Ғылыми негізделген тұжырымдар негізінде осы бағыттағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: ауыл, ауылды басқару, ауыл әкімі, жергілікті мемлекеттік басқару, жергілікті өзін-өзі басқару.

Еркебулан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКИХ ПОСЕЛЕНИЙ: СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ

Аннотация. Одной из актуальных проблем в социально-экономической сфере является сокращение количества сельских населенных пунктов в результате миграции населения в другие местности. Государство за годы независимости разработало и приняло несколько программ и проектов, направленных на поддержку сельских населенных пунктов с потенциалом развития. Однако анализ динамического ряда показывает, что тенденция сокра-

щения количество сел продолжается. В статье рассматривается значимость совершенствования системы управления населенным пунктом, в частности влияние дислокации сельского акимата на устойчивость села. Путем анализа современных и ретроспективных статистических материалов, а также документов выявлено, что наличие акима и его аппарата на селе имеет положительное влияние на развитие населенного пункта. На основе полученных выводов разработаны рекомендации по совершенствованию государственной политики в данном направлении.

Ключевые слова: село, сельское управление, аким села, местное государственное управление, местное самоуправление.

Yerkebulan Zhumashov, Nurbek Pusyrmanov
**SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF RURAL SETTLEMENTS:
IMPROVING THE LOCAL GOVERNMENT**

Abstract. One of the urgent problems in the socio-economic sphere is the reduction in the number of rural settlements as a result of population migration to other areas. After the 2000s, the government has developed and adopted several programs and projects aimed at supporting rural settlements with development potential. However, the analysis of the number of rural settlements shows that the trend of reducing the number of villages have not stopped. The article discusses the importance of improving the governance of rural settlements, in particular the impact of the dislocation of the rural akimat on the sustainability of the village. By analyzing modern and retrospective statistical materials, as well as documents, authors revealed the positive influence of the location of the village akim and his staff on the development of the rural settlement. As a result, recommendations have been developed to improve public policy in this area for consideration of decision-makers and for debate of scholarship.

Keywords: village, rural local government, village akim, local government, local self-government.

Кіріспе

Уақыт өлшемі бойынша елді мекендер санындағы өзгерістерді талдау нәтижесі ХХ ғ. екінші жартысынан бері Қазақстандағы ауылдар санының қысқарып отырғандығын көрсетеді. 1959, 1989, 2021 жылдары жүргізілген санақтардың қорытындылары бойынша Қазақстандағы ауылдар саны сәйкесінше – 30 370 [1], 8172 [2], 6 932 [3] болған. Ауылдар санының азаюына негізгі себеп ретінде екі факторды көрсетуге болады: әлемнің көптеген қоғамдарына тән урбанизация процесі – ауыл тұрғындарының қалалық аумақтарға көшуі және мемлекеттің шағын ауылдарды біріктіру саясаты. Дәлірек айтқанда, бірінші фактор басты себеп, екіншісі сол себепті тоқтатуға, немесе оның қарқынын азайтуға бағытталған мемлекеттік шара. Ауылдардың депопуляциясы мен резиденттердің көші қонының әлеуметтік, экономикалық және саяси салдарлары бар. Мұндай тренд нәтижесі бір жағынан стихиялық урбанизацияға, көшкен азаматтардың

жаңа қоныстарында жеңіл әлеуметтенуіне байланысты әлеуметтік мәселелерге алып келсе, екінші жағынан тұрғыны аз елді мекендерге жұмсалатын мемлекеттік шығыстардың қайтарымының төмен болуымен ерекшеленеді. Сондықтан үкімет өмір сүруге қолайлықтағы ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты азайту, даму перспективасы бар ауылдарға ғана қаржы құю арқылы мемлекеттік шығыстарды тиімді жұмсау жолымен ауылдарды сақтап қалу саясатын іске асыруда.

Қазақстанда даму әлеуеті бар ауылдық елді мекендерді мақсатты қол-дауға бағытталған шаралар 2000-шы жылдардан кейін іске асырыла бастады. 2003 жылы «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Осы құжатта Қазақстан Үкіметінің мамандары мен Азия Даму Банкінің консультанттары бірлесе отырып әлеуметтік-экономикалық және экологиялық өлшемшарттар бойынша ауылды жіктеудің әдістемесі әзірленіп, оған сәйкес елдегі барлық ауылдық елді мекендерді төрт топқа жіктеді: даму әлеуеті жоғары, даму әлеуеті орташа, даму әлеуеті әлсіз, экологиялық аймақтағы ауылдар. Алғашқы екі топқа кірген ауылдардың инфрақұрылымын дамытуға мемлекет қолдау көрсетіп, соңғы екі топқа кірген ауылдар «болашағы жоқ елді мекендер» ретінде саналып, ол жердің тұрғындарын мемлекет қолдауымен басқа елді мекендерге көшіру жоспарланды. Бағдарлама мерзімі бітіп, күшін жойған соң ауылдардың даму әлеуетін бағалаудың әдістемесін жаңартқан жаңа құжаттар қабылданды [4, 5, 6]. Даму әлеуеті бойынша ауылдарды жіктеудің қолданыстағы әдістемесі 2019 жылы бекітілді [7]. Жиырма жылдан бері іске асырылып келе жатқан даму перспективасы жоғары ауылдарды қолдау саясатын талдау өзекті.

Мақалада ауылдық елді мекендердің өміршеңдігін күшейтудің факторлары қарастырылып, осы саладағы мемлекеттің саясаттың тиімділігін бағалау, оның ішінде даму әлеуеті бойынша ауылдарды жіктеудің әдістемесін жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу көзделді. Осы мақсатпен ауыл әкімдігі офисі орналасуының елді мекеннің өміршеңдігіне ықпалы талданды. Талдау нәтижесінде әкімдік аппаратының орналасуы ауылдың даму перспективасына позитивті әсері анықталып, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Алынған ақпаратты жинау нәтижесінде әзірленген тұжырымдар осы бағыттағы отандық академиялық түсінікті кеңейтуге үлес қосады, сонымен қатар мемлекеттік шешім қабылдаушыларға ғылыми негізделген саясат жүргізу үшін қарастыру тұрғысынан пайдалы болуы ықтимал. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі осы тақырыпты зерттеуші академиялық және сарапшылық қоғамның дискуссиясына импульс беру контекстінде пайдалы.

Ақпаратты жинау мен талдау үшін қолданылған әдістер

Зерттеу мақсатына сәйкес ақпарат жинау үшін құжаттамалық және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Алдымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту туралы» 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №81 бұйрығында көрсетілген өлшемшарттар талданды. Бұл

құжаттағы өлшемшарттар негізінде жергілікті атқарушы органдар ауылдық елді мекендерді үш топқа: тірек, спутник басқа ретінде топтастыруы тиіс [8]. Өлшемшарттарға сәйкес ауылдарды топтастыруды өңірлік атқарушы органдар жүргізді. Соның нәтижесінде 1200-ге жуық ауыл тірек, 2300 шамалы елдімекен спутник, қалған 3000-ға жуық ауыл басқа ауылдар қатарына енгізілген. Сондықтан әрбір өңірдегі жергілікті атқарушы және орталық уәкілетті органдар жариялаған ақпараттар негізінде ауылдардың жіктелуі туралы мәлімет жиналды. Ол үшін мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстары болып табылатын <https://www.gov.kz> платформасындағы ақпараттарға парсинг жасалды. Бір өңірге немесе әкімшілік-аумаққа қатысты ақпарат болмаған жағдайда, онда сол бойынша қосымша мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде google кеңейтілген іздеу жүйесінің көмегімен іздестірілді. Сол арқылы төрт облыс (Атырау облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы және Қызылорда облысы) бойынша ақпарат жиналды. Республиканың әртүрлі географиясында орналасқан бұл төрт өңірдің нәтижесі басқа өңірлердегі жағдайды туралы да экстраполяция әдісімен болжам жасауға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде ауыл әкімдіктерінің басым бөлігі қандай елді мекендерде орналасқаны салыстырылды. Басқаша айтқанда, ауыл әкімінің аппараты тірек, спутник немесе басқа деген топқа енгізілген санаттың қайсысында салыстырмалы үлесінің басымдығы есептелді. Бұл үшін жоғарыдағы <https://www.gov.kz> интернет-ресурсынан ауылдық округ, ауыл, кент әкімшілік-аумақтық бірліктерінің әкімдігінің тізімі қалыптастырылды. Соның нәтижесінде екі тізім салыстырылды. Екі тізімде салыстыру нәтижесінде әкімдіктің орналасуы мен ауылдың мәртебесі арасындағы ассоциация туралы тұжырым жасалды.

Зерттеу нәтижелері

Әрбір шағын ауылдық елді мекенде мемлекеттік басқару органын ұстап тұру мемлекеттік шығын көлемін ұлғайтадындан ҚСРО тұсында қалыптасқан бірнеше ауылдық елді мекендерді біріктіріп басқару жүйесі тәуелсіздіктен кейін де жалғасты. Мұндай әкімшілік аумақтық бірлікте ауыл әкімдігі бір ауылда орналасып, оның айналасындағы елді мекендердің тұрғындарына да қызмет көрсетті. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2024 жыл басындағы әкімшілік-аумақтық бірлігі туралы статистикалық мәліметі бойынша, елдегі 2266 ауылдық әкімдіктің 595-і ғана дербес елді мекеннен тұрған [9]. Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстандағы 1574 ауылдық әкімдік бірлік бірнеше елді мекеннен тұратын ауылдық округтерге жатады. Егер елдегі жалпы ауылдардың саны 6256 екенін ескерсек, онда әрбір ауылдық округтің құрамында орташа 4 ауыл бар. Мұндай жағдайда, ауылдық округтің құрамындағы елді мекендер жинақы орналасса, әкім мен оның аппараты үшін бірнеше ауылға қызмет беру үлкен проблема тудырмайды. Бірақ, жоғарыда айтылып өткендей, Қазақстан жағдайында ауылдық округтің ауылдарының бәрі жинақы орналаспаған. Географиялық ерекшелігіне байланысты Қазақстанның кейбір шағын ауылдары мен ол бағынатын ауылдық округтің орталық

елді мекені арасындағы қашықтық бірнеше ондаған шақырымға дейін барады. Тіпті, Қазақстанның тәжірибесінде бір ауылдық округке бағынған кейбір елді мекендер арасындағы алшақтық 100 шақырымға дейін барған жағдай кездесті [10]. Бұл өз кезегінде ауыл әкімі мен ауыл әкімі аппараты тарапынан көрсетілетін қызметтің сапасының төмендеуіне әсер етеді. Сондықтан салыстырмалы түрде ірі елді мекендерден алыс қашықтықта орналасқан ауылдардың инфрақұрылымы мен тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы және мемлекеттік органдардан қызмет алуы КСРО кезеңінен бері төмен болып келеді. Бұл өз кезегінде ең бірінші кезекте осындай елді мекендердің депопуляцияға бейім болатындығын болжауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ауыл әкімдігінің орналасуы мен ауылдық елді мекеннің даму әлеуеті арасында ассоциация болу ықтималдылығы зерттелді. Атырау, Қарағанды, Қостанай және Қызылорда облыстарындағы ауылдарды жіктеудің зерделеу нәтижесінде «тірек» елді мекен санатына жататын ауылдардың басым бөлігі әкімдік аппараты орналасқандағы анықталды (1-кесте). Барлық облыстарда әкімдік орналасқан елді мекендердің тірек ауылдардағы үлесі 98%-дан жоғары. Салыстырмалы түрде алғанда спутник ауылдарда да «басқа» тобына жататын ауылдармен салыстырғанда әкімдіктің орналасу үлесі жоғары.

1-кесте. Ауылдық елді мекендердің жіктелуі және әкімдік аппараты орналасқан ауылдар

Факторлар	Атырау облысы	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы
АЕМ саны	153	349	517	230
Төртінші деңгейлі әкімдік саны	69	158	195	148
Тірек АЕМ саны	40	68	86	58
Әкімдік орналасқан тірек АЕМ саны	40	68	84	58
Спутник АЕМ саны	53	92	172	45
Әкімдік орналасқан спутник АЕМ саны	25	39	54	31
Басқа АЕМ саны	60	189	259	127
Әкімдік орналасқан басқа АЕМ саны	4	51	57	52

Атырау облысында барлығы 153 ауыл болса, оның ішінде 40 тірек, 53 спутник және 60 басқа ауыл болған. Төртінші деңгейлі билік органы орналасқан елді мекен саны 69. Бұл жерде тірек ауыл ретінде анықталған барлық елді мекенде әкімдік орналасқандығы байқалады. Әкімдік орналасқан 25 ауыл спутник елді мекен тобына жатады. Ал, әкімдік орналасқан 4 АЕМ ғана «басқа» ауылдар тобына кірген. Осы сандардың негізінде ауыл әкімдігі орналасқан елді мекендердің басым бөлігі әлеуеті жоғары санаттарға жатқызылғандығын байқауға болады.

Қарағанды облысының кейсі де бұл тұжырымды қуаттайды. Өңірде барлығы 349 ауыл болса, оның ішінде 68 тірек, 92 спутник және 189 басқа ауыл болған. Төртінші деңгейлі билік органы орналасқан елді мекен саны 158. Бұл жерде тірек ауыл ретінде анықталған барлық елді мекенде әкімдік орналасқандығы байқалады. Әкімдік орналасқан 39 ауыл спутник елді мекен тобына жатады. Салыстырмалы түрде әкімдік орналасқан «басқа» ауылдар саны Атыраудан әлдеқайда жоғары – 51. Соңғы фактор әкімдіктің орналасуы елді мекеннің өміршеңдігін сақтап қалатын кілт факторға жатпайтынын, әлеуетін күшейтуде қосымша үлес қосатынын көрсетеді.

Қызылорда облысында ауыл әкімдігі орналасқан елді мекендердің үлесі тірек және спутник тобында әлдеқайда басым. Мысалы, тірек ауылдардың барлығында әкімдік орналасқан, ал спутник ауылдардың үлесінде шамамен 70% ды құраса, басқа ауылдар үшін бұл көрсеткіш – 40%.

Қостанай облысында 517 ауыл болса, оның ішінде 86 тірек, 172 спутник және 259 басқа ауыл болған. Әкімдік орналасқан елді мекен саны 195, оның ішінде 84 тірек, 54 спутник және 57 басқа ауылдар тобына енген. Бұл өңірдегі кейс Қарағанды облысына ұқсайды, әкімдік орналасса да даму перспективасы төмен ауыл ретінде анықталған елді мекен саны көп. Дегенмен, салыстырмалы түрде мұндай ауылдардың үлесі төмен.

Бұдан шығатын тұжырым – әкімдік аппаратының орналасуы ауылдық елді мекеннің өміршеңдігін күшейтеді. Бұл тұста себеп салдарлық байланысты анықтау қиындығы байқалады. Басқаша айтқанда, әкімдіктің орналасуы ауылдың өміршеңдігін күшейтеді ме, болмаса даму әлеуеті күшті ауылдарда әкімдік орналасқан ба. Бұл мәселе әрі қарайғы зерттеуді қажет ететіндіктен ғылыми дискуссияның тақырыбы.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Елдімекеннің дамуы үшін жергілікті әкімдіктің болуының маңызыдылығын екі фактормен негіздеуге болады. Бірінші фактор – билік институты ретінде саяси-әкімшілік басқару және ұйымдастыру қызметі. Ол әкімдік органның жергілікті тұрғындарды ұйымдастыру, халыққа қызмет көрсету, тәртіп пен тазалық сақтау, архитектура мен сәулет-құрылысты реттеу, бизнестің дамуына көмектесу, инвесторлар тарту т.б. қызметімен байланыстыруға болады. Әкімдік басқару органы сол өңірдің дамуына қажетті жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіру тұрғысынан маңызды. Дегенмен, әкімшілік басқару органы және лауазымды тұлғалар ең алдымен сол құрылым орналасқан елді мекеннің келбетіне назар аударып, негізгі фокусты орталық ауылға беруі түсінікті. Сондықтан әкімдік басқару органы болмаған жағдайда елді мекен дамуы үшін тұрғындарды ұйымдастыру, сыртқы мүдделі тараптармен байланыс қызметі төмендеуін болжауға болады. Нәтижесінде әкімдігі жоқ ауылдарда салыстырмалы түрде басқарушылық-ұйымдастырушылық жұмыстар әлсіз іске асырылады.

Екінші фактор – экономикалық себептен пайда болады. Офистік, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің жергілікті бизнестің дамуына оң ықпал ету мүмкіндігімен түсіндіруге болады. Экономика ғылымының өкілдері жаңа жұмыс орындарын ашудың, мемлекеттік қызметтегі штатты кеңейтудің

бизнеске мультипликативті әсері туралы көптеген зерттеулер жүргізді. Жаңа өндірістің ашылуы сол аумақта қызмет секторында жаңа жұмыс орындарының ашылуына оң ықпал етіп, қызмет секторында 1,6-1,7 жаңа жұмыс орнының ашылуына көмектесені анықталған [11]. Экономикалық зерттеулердің нәтижелері мемлекеттік сектордағы әрбір жаңа 1 штат, жеке қызмет секторында қосымша 0,5 жұмыс орнының ашылуына әкелетіні туралы зерттеулер бар [12]. Дегенмен, кейбір ғалымдар мемлекеттік сектордағы жұмыс күші жеке секторға ешқандай әсері жоқ, тіпті теріс ықпалы болуы мүмкін екенін көрсетсе [13], басқалары мемлекеттік сектордағы жұмыспен қамтудың жеке сектордағы сатып алуға белгілі бір оң ықпалы барын дәйектеді [14, 15]. Осындай оң ықпалы барына сенгендіктен үкіметтер кенже дамыған өңірлерді дамыту мақсатында мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы қызметкерлер санын көбейту жолымен жергілікті бизнестің дамуына мультипликативті эффект беру саясатын қолданады [12]. Соңғы жылдары жаңа облыстар, аудандар ашу жолымен Қазақстан билігі де бірқатар өңірлердің экономикасын жандандыру саясатын іске асыруда. Сондықтан мемлекеттік құрылымның болуы мен оның болмауы елдімекеннің экономикасына белгілі бір ықпалы бар.

Ауыл ғана емес, қала үшін де әкімшілік басқару институтының болуының маңызыдылығын ретроспективті тәжірибе көрсетеді. Қазақстанда 1997-1998 жж. әкімшілік-аумақтар санын қысқартуға бағытталған реформалар көптеген елдімекендердің құлдырауына алып келді. Кейбір зерттеушілер Семей, Жезқазған, Арқалық сияқты тұрғыны жүз мың болатын ірі қалардың құлдырауының бір факторы ретінде әкімшілік-басқару жүйесінің жойылуымен түсіндіреді. Сәйкесінше, аудандық және ауылдық әкімдіктердің жабылуы мен оңтайландыруы бұл елдімекендерде теріс көші-қон болуына ықпал етті.


«Еще один удар по системе сельского населения нанесла административная реформа 1997 года, когда число областей было сокращено с 19 до 14, районов – с 207 до 159, аульных (сельских) округов – с 2436 до 2041. Потеря административного статуса в Республике Казахстан равнозначна подписанию смертного приговора поселению. Практически все населенные пункты, лишившиеся этого статуса, очень быстро пришли в запустение. Касается это не только районных, но и бывших областных центров. После административнотерриториальных преобразований сельская поселенческая структура вообще лишается всякой логики» [16, 141-142 бб.].

Мұндай пікірді басқа посткеңестік елдердің зерттеушілер де ұсынды. Ресейлік зерттеушілер де ауылдағы қызмет көрсету, оның ішінде әкімшілік қызметтің жойылуы елдімекеннің депопуляциясына әкелетін фактор екенін жазды [17]. Сондықтан ауылдың тұрақты дамуы мен өміршеңдігі үшін әкімдік офисі орналасуының маңыздылығын Қазақстанның тарихи тәжірибесі мен академиялық зерттеулердің нәтижесі қуаттайды.

Осыдан онжылдай уақыт бұрын кейбір сарапшылар мемлекеттің даму әлеуеті әлсіз ауылдарды қысқарту саясаты нәтижесінде 2020 жылға қарай Қазақстанның аумағында халқының саны 1000 тұрғыннан асатын елді мекендердің қалатындығын болжаған болатын [18]. Алайда бұл болжам орындалмады. Қазақстан ауылдарының 2004, 2013 және 2023 жылдары даму

әлеуеті бойынша топтастырылуын 1-суреттен байқауға болады. Бұл суреттен даму әлеуеті әлсіз ауылдар санының азаймай отырғандығын байқауға болады. Суреттегі динамикаға қарап, перспективасы жоғары немесе орта елді мекендердің түрлі факторлардың салдарынан әлеуетінің төмендеуі нәтижесінде әлсіз ауылдар санының сақталап отырғандығын жорамалдауға болады. Осы үдерістің болашақта қайталану ықтималдылығы бар. Ондай жағдайда орасан қаржы бөлініп, ірілендірілген ауылдардың да халық жоғалту үдерісін өткеру қаупі жоғары. Сондықтан ауылдық елді мекендердің өміршеңдігін күшейтегін және көші қон/урбанизация процесін болжауға мүмкіндік беретін тетік қарастыру маңызды.

1-сурет. 2004, 2013 және 2023 жылдары ауылдық елді мекендер даму әлеуеті бойынша топтастырылуы



Ескертпе: Мұнда 2004 жылғы сандар Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасынан алынды. 2013 жылғы сандар ол кездегі орталық уәкілетті орган Өңірлік даму вице-министрі С. Жұмангариннің баяндамасында айтылды. Ал, 2023 жылғы мәліметтер 2019 жылғы әдіснама нәтижесінде жергілікті әкімдіктер ұсынған ақпаратты жүйелеген және топтастырған орталық уәкілетті орган Ұлттық экономика министрлігінен алынды.

Қорытынды

Мемлекеттік инвестицияны әлеуетті ауылдарға салу саясаты Қазақстан тарихында прецедент ретінде КСРО тұсында жүрді. Тарихи деректер бұл саясатты КСРО да алғаш Н.С. Хрущев алдымен Москва облысын басқарып тұрған 1950 ш жылдары басталып, одан кейін мемлекеттегі негізгі басқарушы лауазымдарда отырған 1960-шы жылдары іске асыруға ұмтылғандығын көрсетеді [19, 20, 21, 22]. Бұл саясат одан кейінгі жылдары да түрлі ауқымда жалғасты. 1960-1980 жылдары Қазақстан ауылдарының географиялық шашыраңқылығынан құтылудың амалы ретінде ауылдар бір-біріне қосылып, «перспективасыз» ауылдардан ірі ауылдарға халық көшірілді [16]. Алайда сол уақыттан бері бұл саясаттың жалғасып келе жатқандығына қарамастан әлеуеті әлсіз ауылдардың сақталып отырғандығына қарап, мұндай саясаттың тиімділігі туралы кешенді талдау қажеттігін ұсынуға болады. Ауылдық елді мекендерді әлеуеті бойынша жіктеу әдіснамалары негізінде жасалған топтастыруларға жүргізілген ретроспективалық талдау нәтижесінде перспективалы ауылдардың

біртіндеп әлсіз ауылдарға айналып отырғандығы байқалды. Бұл саладағы мемлекеттік саясатта осыны ескеру маңызды. Қазіргі жағдайда ауылдардың өз өміршендігін сақтауға көмектесетін шаралардың бірі тірек және спутник елді мекендердің барлығында әкімдік офисін ашу. Себебі зерттеу нәтижесі әкімдік аппаратының орналасуы ауылдың өміршендігін арттыруға көмектесетінін көрсетті. Мұндай шешім өз кезегінде қазіргі таңда инфрақұрылымын дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқан тірек және спутник ауылдардың тұрақты дамуына көмектесіп, салынған инвестицияның қайтарымының жоғары болуына септігін тигізетінін болжауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Центральное статистическое управление при Совете министров СССР. Итоги всесоюзной переписи населения 1959 года: Казахская ССР. – Москва: Госстатиздат. – 1962. – 201 с.
2. Такижбаева Н. З. Сельское население Казахстана (по данным Всесоюзных переписей населения 1959,1970,1979 и 1989 гг.). – Алматы. – 1997. – 189 с.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының халқы 1 том: 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары. – Астана. – 2023. – 288.
4. «Экономикалық әлеуеті төмен және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтауға арналған өлшемдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 28 шілдедегі № 28-2/430 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 28 шілдедегі № 225 Бірлескен бұйрығы.
5. «Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтауға арналған өлшемдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 235/НҚ бұйрығы.
6. «Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №54 бұйрығы.
7. «Ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №81 бұйрығы.
8. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы: ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әлуақатын жақсарту қалай жүзеге асырылады. 06.11.2019. // <https://primeminister.kz/news/reviews/auyl-el-besig-jobasy-auyl-tryndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady> (қаралған күні: 20.03.2024)
9. Административно-территориальные единицы Республики Казахстан (на 1 января 2024 г.). Дата опубликования: 19.02.2024. <https://stat.gov.kz/ru/>
10. Рысдәулет М. Арасы 100 шақырым екі ауылда бір әкім // Егемен Қазақстан. -2001. - №9 (22613).
11. Van Dijk, J.J., 2017. Local employment multipliers in US cities. *Journal of Economic Geography*, 17(2), pp.465-487.
12. Faggio, G. and Overman, H., 2014. The effect of public sector employment on local labour markets. *Journal of urban economics*, 79, pp.91-107.
13. Behar, A. and Mok, J., 2019. Does public sector employment fully crowd out private sector employment?. *Review of Development Economics*, 23(4), pp.1891-1925.
14. Jofre-Monseny, J., Silva, J.I. and Vázquez-Grenno, J., 2020. Local labor market effects of public employment. *Regional Science and Urban Economics*, 82, p.103406.
15. Becker, S.O., Heblich, S. and Sturm, D.M., 2021. The impact of public employment: Evidence from Bonn. *Journal of Urban Economics*, 122, p.103291.
16. Алексеев А. Казахстанский путь модернизации: этнодемографический аспект // Вестник Евразии. - 2004. - №1. - С. 122-151.
17. Вихрёв О.В., Ткаченко А.А., and Фомкина А.А.. «Системы сельского расселения и их центры (на примере Тверской области)» Вестник Московского университета. Серия 5. География, no. 2, 2016, pp. 30-37.

18. Григорук В. Результаты и проблемы социальной политики на селе // Экономика и Статистика. – 2011. - №4. - С. 13-21.
19. Zelenin, I. E. (2011). N.S. Khrushchev's Agrarian Policy and Agriculture in the USSR. *Russian Studies in History*, 50(3), 44–70. doi:10.2753/rsh1061-1983500303
20. Evans A., Nechemias C. Changes in soviet rural resettlement policy // *Studies in Comparative Communism*. – 1990. – Т. 23. – №. 2. – С. 125-147.
21. Pallot, J. (1979). Rural settlement planning in the USSR. *Soviet Studies*, 31(2), 214–230. doi:10.1080/09668137908411238
22. Pallot, J. (1990). Rural depopulation and the restoration of the Russian village under Gorbachev. *Soviet Studies*, 42(4), 655–674. doi:10.1080/09668139008411895

REFERENCES:

1. Centralnoe statisticheskoe upravlenie pri Sovete ministrov SSSR. «Itogi vsesojuznoj perepisi naselenija 1959 goda: Kazahskaja SSR» [Results of the 1959 All-Union Population Census: Kazakh SSR]. Moskva: Gosstatizdat, 1962. 201 p.
2. Takizhbaeva N. Z. «Selskoe naselenie Kazahstana (po dannym Vsesojuznyh perepisej naselenija 1959, 1970, 1979 i 1989 gg.)» ** [Rural Population of Kazakhstan (According to the All-Union Population Censuses of 1959, 1970, 1979, and 1989)]. Almaty, 1997. 189 p.
3. Kazakstan Respublikasy Strategijalyk zhosparlaw zhane reformalar agentigi Yltyk statistika bjurosy. «Kazakstan Respublikasynyn halky 1 tom: 2021 zhylyg Kazakstan Respublikasy halynyn yltyk sanagynyn korytyndylary.» [Population of the Republic of Kazakhstan, Volume 1: Results of the 2021 National Census of the Republic of Kazakhstan]. Astana, 2023. 288 p.
4. «Jekonomikalyk aleueti tomen zhane zhogary auylidyk eldi mekenderdi anyktauga arnalgan olshemderdi bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Auyl sharuashylyghy ministriniñ 2011 zhylyg 28 shilidedegi no 28-2/430 zhane Kazakstan Respublikasy Jekonomikalyk damu zhane sauda ministrinin m.a. 2011 zhylyg 28 shilidedegi no 225 Birlesken byjryg [On the Approval of Criteria for Identifying Rural Settlements with Low and High Economic Potential]. Joint Order of the Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan No. 28-2/430 of July 28, 2011, and the Acting Minister of Economic Development and Trade of the Republic of Kazakhstan No. 225 of July 28, 2011.
5. «Aleumettik-jekonomikalyk damu aleueti tomen, orta zhane zhogary auylidyk eldi mekenderdi anyktauga arnalgan olshemderdi bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Prem'er-Ministrinin birinshi orynbasary - Kazakstan Respublikasy Onirlik damu ministrinin 2013 zhylyg 18 kyrkyjektegi no 235/NK byjryg [On the Approval of Criteria for Identifying Rural Settlements with Low, Medium, and High Socio-Economic Development Potential]. Order No. 235/NQ of the First Deputy Prime Minister - Minister of Regional Development of the Republic of Kazakhstan dated September 18, 2013.
6. «Aleumettik-jekonomikalyk damu aleueti tomen, orta zhane zhogary auylidyk eldi mekenderdi ajkyndauga arnalgan olshemshartardy bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Yltyk jekonomika ministrinin 2016 zhylyg 2 akpandagy no 54 byjryg [On the Approval of Criteria for Identifying Rural Settlements with Low, Medium, and High Socio-Economic Development Potential]. Order No. 54 of the Minister of National Economy of the Republic of Kazakhstan dated February 2, 2016
7. «Auylidyk eldi mekenderdi ajkyndauga arnalgan olshemshartardy bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Yltyk jekonomika ministrinin 2019 zhylyg 13 kyrkyjektyegi no 81 byjryg. [On the Approval of Criteria for Identifying Rural Settlements]. Order No. 81 of the Minister of National Economy of the Republic of Kazakhstan dated September 13, 2019.
8. «Auyl – El besigi» zhobasy: auyl turgyndarynyn omir syru sapasy men al-auqatyn zhaqsartu qalaj zhyzege asyrylady ["Village - Cradle of the Country" project: how to improve the quality of life and well-being of rural residents]. // <https://primeminister.kz/news/reviews/auyl-el-besig-jobasy-auyl-tryndaryn-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady> (reviewed on: 20.03.2024)
9. Administrativno-territorial'nye edinicy Respubliki Kazahstan (na 1 janvarja 2024 g.). [Administrative-Territorial Units of the Republic of Kazakhstan (as of January 1, 2024)]. Data opublikovaniya: 19.02.2024. URL:<https://stat.gov.kz/ru/> (Accessed: 19.02.2024.)
10. Rysdaulet M. «Arasy 100 shakyrım eki auyl da bir akım.» [A Distance of 100 Kilometers Between Two Villages with One Akim]. *Egemen Qazaqstan*. 2001. No. 9 (22613).
11. Van Dijk, J.J. «Local employment multipliers in US cities.» ** *Journal of Economic Geography*, 17(2), 2017, pp.465-487.
12. Faggio, G. and Overman, H. «The effect of public sector employment on local labour markets.» *Journal of Urban Economics*, 79, 2014, pp.91-107.
13. Behar, A. and Mok, J. «Does public sector employment fully crowd out private sector employment?» *Review of Development Economics*, 23(4), 2019, pp.1891-1925.
14. Joffe-Monseny, J., Silva, J.I. and Vázquez-Grenno, J. «Local labor market effects of public employment.» *Regional Science and Urban Economics*, 82, 2020, p.103406.

-
15. Becker, S.O., Hebllich, S. and Sturm, D.M. «The impact of public employment: Evidence from Bonn.» *Journal of Urban Economics*, 122, 2021, p.103291.
 16. Alekseenko A. «Kazahstanskij put' modernizacii: jetnodemograficheskij aspekt.» [The Kazakh Path of Modernization: Ethnodemographic Aspect]. *Vestnik Evrazii*. 2004. No.1. pp. 122-151.
 17. Vihrov O.V., Tkachenko A.A., and Fomkina A.A. «Sistemy sel'skogo rasselenija i ih centry (na primere Tverskoj oblasti).» [Rural Settlement Systems and Their Centers (on the Example of the Tver Region)]. *Vestnik Moskovskogo universiteta. Serija 5. Geografija*, no. 2, 2016, pp. 30-37.
 18. Grigoruk V. «Rezul'taty i problemy social'noj politiki na sele.» [Results and Problems of Social Policy in the Countryside]. *Jekonomika i Statistika*, 2011, no.4, pp. 13-21.
 19. Zelenin, I. E. «N.S. Khrushchev's Agrarian Policy and Agriculture in the USSR.» *Russian Studies in History*, 50(3), 2011, pp. 44–70.
 20. Evans A., Nechemias C. «Changes in soviet rural resettlement policy.» *Studies in Comparative Communism*, 1990, Vol. 23, no. 2, pp. 125-147.
 21. Pallot, J. «Rural settlement planning in the USSR.» *Soviet Studies*, 31(2), 1979, pp. 214–230. doi:10.1080/09668137908411238.
 22. Pallot, J. «Rural depopulation and the restoration of the Russian village under Gorbachev.» *Soviet Studies*, 42(4), 1990, pp. 655–674. doi:10.1080/09668139008411895.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 29-03-2024

Мақаланың жарияланған күні: 27-09-2024